



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

кеше ұсынылған ұсыныстармен қатар ЖОО кейінгі жұмыспен қамту бағдарламаларын бір жүйеге келтіруді жоспарлауға шақырамын. Яғни, Біріншіден, кез-келген Мемлекеттік ЖОО бітірген азаматты тіркеуге алу. Екіншіден, байлық немесе 1 жылдық міндетті мемлекеттік бақылаудағы мамандық бойынша жұмыспен қамту. Себебі, осындай міндетті жұмыс жасау жас маманды шыңдай түседі. Үшіншіден, міндетті жұмыс мерзімінде жақсы критерилерге ие болған мамандарды мемлекет өз қарамағында жұмысқа алу. Төртіншіден, осы уақыттан кейін жұмыссыз қалған азаматтарды тіркеуге алып, оларға Мемлекет атынан уақытша жәрдемақымен қамтамасыз ету. Бесіншіден, осы тіркеудегі азаматтарды Мемлекет бір жүйелі кезекпен жұмысқа орналастыру немесе Мемлекеттің өзгеде жұмыс күші ретінде қолдануды.

Ұсынылып отырған бес пунктті толығымен жүйелеп орындай алатын болсақ, Жастарды ЖОО кейінгі кәсіби әлеуметтендіру мәселелері және қоғамдық жұмыссыздықтың жойылуына біршама жақындаймыз. "Нұр Отан" партиясының кезектен тыс 17-ші съезінде сөз сөйлеген ҚР Президенті, партия Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанда жұмыссыздық деген болмауы керек. Бұл үшін барлық мүмкіндіктер бар», - деп тоқталған және «Нұр Отан» партиясының ҚР Парламенті Мәжіліс Фракциясы жанындағы Әлеуметтік кеңесі мен ҚР Парламенті Мәжілісінің Әлеуметтік – мәдени даму комитетінің «Жастардың кәсіби әлеуметтену мәселелері мен перспективалары» тақырыбында бірлескен отырыс ұсынымдары арқылы «Қазақстан 2050» стратегиясында көзделген мақсаттарға қолда бар мүмкіндіктер мен уақытты тиімді пайдалану арқылы келешекке нақты қадам баса аламыз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Омаров Д., Жоғары білімнің қалыптасу тарихы. <http://old.el.kz/m/articles/view/>
2. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/R1200000031>
3. Игенбаева Р.Т. Жоғары мектеп педагогикасы. Оқу құралы. -Алматы 2011.
4. Жоба 15.03.17. «Нұр Отан» партиясының ҚР Парламенті Мәжіліс Фракциясы жанындағы Әлеуметтік кеңесі мен ҚР Парламенті Мәжілісінің Әлеуметтік – мәдени даму комитетінің «Жастардың кәсіби әлеуметтену мәселелері мен перспективалары» тақырыбында бірлескен отырыс ұсынымдары.
5. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400002014>

ӘОЖ 340.05

ҚАЗАҚ-ҚЫТАЙ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

Сүлейменова Таңшолпан

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің

Құқықтану мамандығының 1 курс студенті

suleimentan777@mail.ru

Ғылыми жетекші- Ж.И Ибрагимов.

«Біздің елдеріміз өңірдің дамуы мен тұрақтылығын қамтамасыз ету ісінде маңызды, сындарлы күшке айналды. Қытай тарапы Қазақстанмен қарым-қатынасты дамытуға зор мән береді. Біз Қазақстан тарапымен бірлесе отырып, өзара мүдделілік бар негізгі мәселелер бойынша өзара қолдауды күшейту үшін бар күшімізді жұмылдыруға дайынбыз. Қытай қауіпсіздік саласындағы, экономикалық, гуманитарлық салалардағы өзара тиімді ынтымақтастық аясын жан-жақты кеңейтуге, сондай-ақ халықтарымыздың игілігі үшін өңірлік және халықаралық істердегі өзара іс-қимыл мен үйлестіру жұмысын күшейтуге ниетті», деген еді Си Цзиньпин ағымдағы жылдың мамырында Қазақстанға жасаған ресми сапары барысында. Мемлекет басшысы Н.Назарбаев өзінің Бейжіңге мемлекеттік сапары алдында Қытайдың жетекші ақпарат агенттігі «Синьхуаға» эксклюзивті сұхбат беріп, онда Тәуелсіздік алған сәттен бастап, Қытаймен тату көршілік қарым-қатынасты қолдау Қазақстанның сыртқы саясатындағы басты басымдықтардың бірі болғанын баса атап өткен. «Қазақтар «Алыстағы

ағайыннан жақындағы көрші артық», - дейді. Дәл осындай мақал қытайлықтарда да бар. Ол біздің елдеріміздің саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өлшемдерде жақын екендігін тамаша паш етеді», - деді Мемлекет басшысы агенттік тілшісінің Қазақстан-Қытай қарым-қатынасының қазіргі жай-күйі мен болашағына қатысты сауалына орай. Н.Назарбаев Қытай - біздің елімізге инвестиция салу көлемі бойынша көшбасшылардың бірі және Қазақстанның маңызды сауда-экономикалық серіктесі болып отырғанын баса айтқан. Шындығында, тек соңғы екі жылдың ішінде ғана Қазақстан мен Қытай арасында жалпы сомасы 73,5 млрд. долларды құрайтын инвестициялық жобаларды жүзеге асыру бойынша екіжақты құжаттарға қол қойылған болатын. Екі ел де индустриалды-инновациялық дамуға мүдделестік танытып отыр. Жалпы сомасы 30 млрд. доллардан асып жығылатын 48 жоба іріктеп алынған. Астана мен Бейжіңді «Нұрлы жол» бағдарламасы мен Назарбаев университеті қабырғасында ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин бастамашы болған «Жібек жолы экономикалық белдеуі» бірлескен бастамасын қалыптастыруды жүзеге асырудағы ортақ мақсат байланыстырады. Мемлекет басшысының осы жолғы Бейжіңге сапары барысында тараптар аталған бағдарламалармен түйіндесетін ынтымақтастықты ілгерілету бойынша арнайы жұмыс тобын құру туралы уағдаластыққа қол жеткізді. Екі елдің транзиттік көлік әлеуетін арттырудағы басты жобалар «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» (Қазақстан бөлігі арқылы өтетін жүк көлемінің көлемі жылына 30 млн. тоннаға жетеді деп болжануда) автомобиль магистралі, «Жезқазған-Бейнеу» (Қытайды Қазақстанның Каспий портымен жалғайды) темір жол желісі, Ляньюньган қытай портындағы қазақстандық логистикалық терминал (Еуропа мен Азия-Тынық мұхиты өңірлерін Ресей мен Орталық Азия арқылы жалғайтын тікелей темір жол қатынасы) болып отыр.

Энергетика, логистика және ауыл шаруашылығы салаларындағы ынтымақтастық да қарқынды даму үстінде. Туристік индустрия саласындағы да өзара іс-қимылдың жандануы күтілуде. ҚР Президенті Н.Назарбаев 2017 жылды Қазақстандағы Қытай туризмінің жылы деп жария еткен болатын. Қазіргі уақытта біздің елімізде аспан асты елінің екі жетекші туристік операторымен «Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясы арасында келісімге қол қою арқылы Қазақстанға келетін қытай азаматтарының туристік сапарларын жеңілдету мәселесі қарастырылуда. Бұған қоса, ағымдағы жылдың 24 тамызында Қытай өзінің ЭКСПО-2017 көрмесіне қатысатындығын ресми қуаттаған болатын. Қытайдың Халықаралық саудаға жәрдемдесу жөніндегі комитетінің төрағасы Цзян Цзиньвэйдің атап өтуінше, Қытайдың іскерлік ортасы Астанада өтетін халықаралық көрмеге зор қызығушылық танытса, ҚХР басшылығы оған қатысу арқылы әлемге өзінің энергетиканы дамыту тұжырымдамасын паш етуге ниетті. Сонымен қатар, ҚР Президенті Қазақстан мен Қытайдың жоғары деңгейдегі өзара іс-қимылы БҰҰ, ШЫҰ және АӨСШК (2014 жылдың мамырынан АӨСШК-ге Бейжің төрағалық етеді) сынды халықаралық және өңірлік ұйымдар аясында орын алатындығын баса айтқан. Екі елдің мүддесі мен көзқарасы халықаралық күн тәртібіндегі барлық маңызды мәселелерде де ұқсас келеді. Қазақстандық сарапшылардың атап өтуінше, Қытай өңірдің тұрақты болуына барынша мүдделі. Өйткені, бұл жайт біздермен шекаралас Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданындағы тыныштықпен тікелей байланысты. Бұл ретте өңірдегі ірі экономикалық серіктес ретінде Қазақстан басты рөлге ие. Аталған бағытта Астана мен Бейжің әскери-техникалық саладағы ынтымақтастықты еселеп, бірлескен оқу-жаттығулар өткізуде, құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылын күшейтуде. Ағымдағы жылы алғаш рет Қазақстанның әскери қызметшілері әлемдегі ең үлкен алаңның бірі Тяньаньмэньде шетелдік әскери қызметшілермен бірге сап түзеп өтетін болады. ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен, РФ Президенті Владимир Путинмен және басқа да бірқатар мемлекеттік басшыларымен бірге аспан асты елінің астанасындағы географиялық орталығында орналасқан мінбеден шеруді бақылайтын болады. [5.8]

Қазақстан мен Қытай өздерінің қарым-қатынасын үнемі нығайтып келеді. Сондықтан, жоғары деңгейдегі байланыстар сенім рухында екенін, мемлекет басшылары деңгейіндегі «сағат салыстырулар» мүмкіндігін паш етеді.

«Перспектива жайында айтар болсам, мен біздің қарым-қатынасымыздың дамуының өрлеп келе жатқан траекториясын көріп отырмын. Өзара іс-қимыл көлемін кеңейту және

оларды жаңа сапалы мазмұнмен толықтыру біздерді көлік, өнеркәсіп, жоғары технологиялар салаларындағы бірлескен жобалармен қамтамасыз етеді», - деген еді Н.Назарбаев «Синьхуа» агенттігіне берген сұхбатында.[4]

«Жаңа Жібек жолы» - бұл жаһандық ауқымдағы жоба. Ол біздің елдеріміздің экономикалық серіктестіктің жаңа кезеңге көшкендігін білдіреді. Бұған қоса, ол барша Еуразия құрлығындағы көлік-логистикалық ландшафтты өзгертеді. Жобаның мәні басты экономикалық орталықтар арасындағы барынша жедел әрі сенімді жүк тасымалын қамтамасыз етуде болып отыр. Бұл бизнес үшін де, халық үшін де тиімді. Жібек жолы - бұл бір ғана бағдар емес, ол біздерді аталған мақсаттарға жақындата түсетін коммуникация жүйесі. Біздің елдеріміз аталған жүйені дамыту үшін көптеген жұмыстарды атқарды», - деді Елбасы. Мемлекет басшысының атап өтуінше, іс жүзінде Қытайдың Тынық мұхиты жағалауын Каспий теңізімен жалғайтын темір жол дәлізі құрылған. Мұнан ары «Қазақстан-Түркіменстан-Иран» дәлізімен интеграциялану арқылы көптеген ірі нарықтарға шығу қамтамасыз етіледі.[11]

«Қазірдің өзінде Қытайдан Еуропа бағытына және кері контейнерлік пойыздар қозғалысы кеңейіп келеді. Мәселен, ағымдағы жылдың 7 айы ішінде біздің еліміз арқылы 234 пойыз өткізілді. Бұл 2014 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен үш есе артық. Жыл қорытындысына бұл бағыттағы жүк айналымы 40 мың контейнерден асып түседі деп күтілуде. Басым бөлігі біздің ел арқылы өтетін «Батыс Қытай - Батыс Еуропа» автожолының құрылысы да қарқынды жүргізілуде. Сонымен қатар, ірі инфрақұрылымдық жобалар қатарында Қорғас халықаралық шекаралық ынтымақтастық орталығы, «Алтынкөл-Қорғас» жаңа темір жол өткелі, «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА көлік-логистикалық кешенін атап өтуге болады», - деді ҚР Президенті. Елбасы сұхбат барысында Қазақстанда кешенді инфрақұрылымдарды дамытуға бағытталған «Нұрлы жол» бағдарламасы жүзеге асырылып жатқанын атап өткен. Бұл бағдарлама да Еуропа мен Азияны жалғайтын нағыз көпір болып саналатын біздің еліміздің кеңістігін жаңа Жібек жолы жүйесімен интеграциялаудағы тағы бір қадам болмақ.

«Осылайша, жаһандық бағдардың негізі қазірдің өзінде қалыптасты. Ендігі уақытта көлік ағындарын ретке келтіру жұмыстарымен айналысу қажет. Мұнан бөлек, Жаңа Жібек жолы көліктік-логистикалық жоба аясынан шығып кетеді - ол толықтай алғанда экономикалық даму белдеуі ретінде танылған. Бұл бағытта да біздердің елдеріміз қарқынды жұмыстар жүргізуде. Атап айтқанда, жалпы сомасы 30 млрд. доллардан асып жығылатын 48 инвестициялық жоба іріктеп алынған. Олар мығым іскерлік серіктестің тініне айналады», - деді Мемлекет басшысы.

Қытайдың жетекші «Синьхуа» ақпарат агенттігі Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ағымдағы жылдың 31 тамызы мен 3 қыркүйегі аралығында Бейжіңге жоспарланып отырған сапары алдындағы эксклюзивті сұхбатын жария етті. Сұхбатта Елбасы Қазақстан-Қытай қарым-қатынасының жағдайы мен болашағына, екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында фашизмді жеңудегі Қытайдың рөліне және қытай халқының жапон басқыншылығына қарсы соғыстағы жеңістің 70 жылдығына орай 3 қыркүйек күні Бейжіңде өтетін шерудің маңызына қатысты сауалдарына егжей-тегжейлі жауап берген. Дегенмен, қазіргі әлемде тарихты көшіру басқа ауқымға, басқа мақсатқа және барынша шектен шыққан құралдарға бейім болып барады. Өкінішке қарай, мұндай жайт адамзат тарихындағы дәуірлік оқиға Екінші дүниежүзілік соғысқа да қатысты болып отыр. Фактілерді қасақана бұрмалау жекелеген саясаткерлердің қолындағы насихат қаруына айналып, қасақана жүргізіліп жатқанын айтуға тура келіп тұр. Бір елдің рөлін төмендетіп, екіншісінің рөлін арттыра түсу, фактілерді бұрмалау, жекелеген тарихи тұлғаларды «әзәзілге теңеу» және «ақтау» - мұның барлығы бір сәттік саяси мүдде пайдасына, қоғамдағы алауыздықты тудыру мақсатында жасалады.

Қытай - біздің елімізге инвестиция салу көлемі бойынша көшбасшылардың бірі және Қазақстанның маңызды сауда-экономикалық серіктесі. Энергетика, логистика және ауыл шаруашылығы салаларындағы ынтымақтастық белсенді даму үстінде. Біз Қазақстанның Қытайдағы мәдени күндерін және біздің еліміздегі қытай мәдени күндерін өткіземіз. Бүгінгі күні мыңдаған қазақстандық жас ҚХР жоғары оқу орындарында білім алуда, біздің оқу орындарымызда да Қытай жастарының өкілдері оқып жатыр. Біздің ынтымақтастығымыз

қауіпсіздік, экстремизмнің кез келген түріне, есірткінің таралуына қарсы тұру салаларында жолға қойылған.

Біздің мемлекеттеріміздің жоғары деңгейдегі өзара іс-қимылы БҰҰ, ШЫҰ және АӨСШК сынды халықаралық және өңірлік ұйымдар аясында орын алатындығын атап өткен жөн. Басым бөлігі біздің ел арқылы өтетін «Батыс Қытай - Батыс Еуропа» автожолының құрылысы да қарқынды жүргізілуде. Сонымен қатар, ірі инфрақұрылымдық жобалар қатарында Қорғас халықаралық шекаралық ынтымақтастық орталығы, «Алтынкөл-Қорғас» жаңа темір жол өткелі, «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА көлік-логистикалық кешенін атап өтуге болады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда кешенді инфрақұрылымдарды қамтуға бағытталған «Нұрлы жол» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бұл да Еуропа мен Азияны жалғайтын нағыз көпір болып саналатын біздің еліміздің кеңістігін жаңа Жібек жолы жүйесімен интеграциялаудағы тағы бір қадам болмақ.[10]

Осылайша, осынау жаһандық бағдардың негізі қазірдің өзінде қалыптасты. Ендігі уақытта көлік ағындарын ретке келтіру жұмыстарымен айналысу қажет. Мұнан бөлек, Жаңа Жібек жолы көліктік-логистикалық жоба аясынан шығып кетеді - ол толықтай алғанда экономикалық даму белдеуі ретінде танылған. Бұл бағытта да біздердің елдеріміз қарқынды жұмыстар жүргізуде. Атап айтқанда, жалпы сомасы 30 млрд. доллардан асып жығылатын 48 инвестициялық жоба іріктеп алынған. Олар мығым іскерлік серіктестіктің тініне айналады. Елбасының Жолдауы 31 қаңтар 2017 жылғы Қытайға қатысты жоспарына тоқталайық. Басымдығы бар салалардағы бәсекеге қабілетті экспорттық өндірісті дамытуды көздейтін индустрияландыруды жалғастыру керек. Үкімет алдында қазірдің өзінде 2025 жылға қарай шикізаттық емес экспортты 2 есе ұлғайту міндеті тұр. Бұл бағыттағы жұмысты жандандыру үшін экспортты дамыту мен ілгерілету тетіктерін бір ведомствоға шоғырландыру қажет. Экспорттаушыларға «бір терезе» қағидаты бойынша өңірлерде де қолдау көрсету керек. Үкімет жанынан Экспорт саясаты жөніндегі кеңес құруды тапсырамын.[7]

Қазақстан мен Қытай арасындағы жалпы кешенді қарым-қатынас сатыларында сауда-экономиканың рөлі маңызды болып табылады. Ол белгілі бір деңгейлерде көптеген факторларға байланысты: экономикалық өзара толықтырушылық, географиялық жақындық, күшті экономикалық даму және екіжақты кең көлемді реформалардың жүріп отыруы. Аталған мәселелердің ішінде біз өз зерттеуімізде экономикалық қарым-қатынастың даму кезеңдері мен болашағын ғылыми талдауға талпыныстар жасаймыз. Қос мемлекет ортасындағы экономикалық даму маңызды бірнеше мемлекетаралық, үкіметаралық келісімшарттар мен келісімдердің негізінде түзіліп, өзара әріптестіктің ұстанымдары мен бағыттарын анықтап отырады. Қазақстан мен Қытай арасындағы саяси және экономикалық саладағы қатынастарда мынадай ұстанымдар басшылыққа алынды: егемендік пен аумақтық тұтастықты өзара құрметтеу, шабуыл жасамау, ішкі істерге араласпау, теңдік пен өзара тиімділік, бейбіт қатар өмір сүру, барлық елдердің халықтарының әлеуметтік құрылыс пен даму үлгісін таңдау құқықтарын құрметтеу.[13] Екі мемлекеттің бірлескен үкіметі мен кәсіпкерлерінің күш салуымен экономикалық қарым-қатынас қанағаттанарлық көрсеткіштерді құрап келеді. Бұл жерде Қазақстандағы экономикалық ахуалдың жақсара түсуін де атап өткен жөн. Экономикалық дамуда Қазақстан үшін қаржы, өнеркәсіп саласының және мұнай-газ секторларының алға қадамдар басуы сыртқы инвестицияларды тартуда негізгі рөл атқаруда. Сонымен қатар, Қытай тарихында өткен жекешелендіру саясатының әдістері елімізге өзіндік мысал болуда. Қытай ДСҰ-ға Қазақстанның кіруіне үлкен қолдау білдіріп отыр. Енді, екі мемлекет арасындағы экономикалық қатынастар дамуының тарихи жолына тоқталу маңызды болып табылады. ҚХР-дың ұлттық стратегиясын дамытуда жетекші құралды сыртқы саясат факторы құрады. Оны жиі түрде консервативті бағалайды. Шынында Қытайдың көптеген басты сыртқы саяси ұстанымдары елу жылдың көлемінде өзгеріссіз қалуда.

Бүгінгі ҚХР-дың сыртқы экономикалық саясаты бірқатар тәсілдері бойынша, 1980-шы жылдардағы даму тұжырымдамасына байланысты болғанымен, соңғы 5-10 жыл ішінде айтарлықтай жаңашылдықтарға ие болды. КСРО ыдырауынан бұрын-ақ, ҚХР басшылығы сыртқы экономикалық қатынастарда өнімді парадигманы құрастырып, 1990-шы жылдардың

басындағы драмалық халықаралық ахуалдарда, өзін-өзі ақтап шықты. Қытайдың сыртқы саясатындағы өзге державалық мемлекеттерден өзгешелігі халықаралық шиеленістерден тыс тұруға бейімдігі, әлемдік-жаһандық мәселелерге сирек үн қосуымен және бастысы сауда-экономиканы сатылы түрде дамытуға негізделеді [2, 123- б.].

Соңғы онжылдықтар көлемінде ҚР мен ҚХР арасындағы сауда айналымы үздіксіз өсу ағымымен айрықшаланады. Оның ішінде ресми мәліметтер бойынша қазақстандық экспорт импорттан асып түседі. Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар айналымының құрылысы негізгі ретте мұнай, көмір, темір, қара металдар, электролитті мыс, никель, алюминий және де мал шаруашылығы өнімдерін сатудан тұрады. Тауар айналымының үлкен бөлігін тікелей және шекара аймағындағы сауда құрап, оның 1/3 бөлігі баспа-бас айырбас саудасы құрайды. Осыған орай, ШЫҰ аясында аймақтық әріптестікті реттеу туралы айта отырып, қатысушы мемлекеттердің бірегей емес қаржы мүмкіндіктерін де ескеру қажет. Сондықтан да ШЫҰ-ның еркін сауда аймағын құру үрдісі күрделі де ұзаққа созылу мүмкін. Ықпалдасу ХХІ ғасырдағы әлемдік экономикалық кешеннің бір ерекшелігі болып табылады. Ол көптеген формалар мен деңгейлерге ие болып табылады. Бұл тек қана сауда-экономикалық қарым-қатынастарды дамыту емес, аймақтық және аймақаралық өндіріс кешендерін құруға негізделеді [4, 65- б.]. Қазақстанның ҚХР-мен арадағы жоғары деңгейлі экономикалық әріптестіктеріне қарамастан, (қытай басшылығы да бұл бағана қолдайды) аталған ықпалдастықтың деңгейі мен мазмұны қолда бар мүмкіндіктердің толығына жауап бермейді. Алдымен, Қазақстанның сауда-экономикалық қатынастары Қытайдың артта қалған провинцияларының бірі ШҰАА-мен ғана басым шектеліп отырғандығын атау қажет. Бұл, біріншіден аталған провинцияның Қазақстанмен шекаралас орналасуы және Пекиндегі саяси жетекшілердің пікірінше, Қазақстанмен арадағы сауда-экономикалық әріптестік деңгейі осы провинциямен сәйкестендіріледі.

Бұндай экономикалық жағдай Қазақстан тарапының мүдделерін толық қанағаттандырмайтындығы анық. Осы себепті де алдағы сауда-экономикалық дамуларды қамтамасыз ету үшін, Қытайдың жоғары дамыған аудандарымен экономикалық қарым-қатынас орнату тиімді болмақ. Мысалы, Қытайдың жоғары дамыған аудандарында шетелдік инвесторларға орайластырылған жеңілдік саясатын пайдалана отырып, онда 100% қазақстандық капиталмен бірлескен кәсіпорындар, компаниялар ашудың мүмкіндіктерін қарастыруға болады. Әсіресе ЕКВ-да (СКВ) капитал салымдарын талап етпейтін жобалардың маңызы зор. Мәселен, Қытайды Қазақстанның түрлі-түсті металлургия, білдек жасау саласындағы тәжірбиесі қызықтырады [9, 77- б.].

Мүмкіндіктері кең басқа инвестиция формалары бар. Мысалға, Янчжоу қаласында (Цзянсу провинциясы) Жапонияның, Оңтүстік Кореяның, Австралияның, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің жетекші фирмаларының қатысуымен электр және электронды-механикалық бұйымдардың халықаралық қала-биржасы салынып жатыр. Жоба қатысушылары биржаның жұмыс атқаруымен байланысты тиісті пайданы алуға қоса, халықаралық компьютер желісіне ақпарат алмасу мен жылжымайтын мүлік сатып алуға құқық қолжетімділігін алады.

Жалпы жоғары көрсеткіштерге ие екі жақты сауда-экономикалық қатынастарға қарамастан, инвестициялық қызметтерге байланысты бірқатар мәселелер бар болып табылады. Олар: Қытайдың Қазақстанға бағытталған жеткіліксіз және ірі көлемді емес тікелей инвестициясына керісінше Қазақстанның Қытайдағы инвестициялық салымдары өсу үстінде. Қытай тарапының инвестициялық салымдарының 70% мұнай-газ секторына бағытталған. Сараптай отырып, көрші мемлекеттің бір салалық инвестициялық мүдделері басым шектелетіндігін қорытындылауға болады. Қытай Қазақстанның мұнай және газ көздеріне қол жеткізе отырып, энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тырысады.

Қазақстан үшін, Қытай инвестицияларының төмен көрсеткіші салалық қосымша құн тізбектерінің тәжірибелік жоқтығы болып табылады. Мысалға: Қазақстанда ірі қара малдың өсімі байқалуда, осы себепті теріге сұраныс пайда болды. Бірақ, олар өңделмей шикілей экспортқа шығарылуда, негізінен заңсыз түрде Қытайға тасымалданады. Батыс провинцияларда оларды өңдейді одан әрі бұйым өндіретін оңтүстік-шығысқа жіберіледі. Соңғы аталған

өндірістік аудандарда тері-жүн бұйымдары талаптарға сай өңделіп, ішкі нарықтарда сатылып, болмаса әлем бойынша экспортталады. Оның ішінде ТМД мен Еуропа елдері тұтынушы көздер болып табылады. Қазақстанда қосымша құн тізбектерін құрған сәтте логистикаға шығындар азаюы мүмкін, шекара маңы инфрақұрылымының жеткіліксіз дамуы, аса қатты жемқорлық кедергілерін келтіруде. Қазақстан мен Қытай арасындағы «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» Жобасы бойынша энергетикалық әріптестікте мұнай тасымалдаудың алыс арақашықтығына назар аудару қажет. Тасымалдаудың қашық болуы мұнай бағасына әсер етіп, оның қымбаттауына себеп болуы мүмкіндігі және Қытай ШҰАА-ның Тарим бассейнінде анықталмағын энергетикалық ресурстардың ашылуы, еліміздің мұнай саласындағы бәсекелестігінде мәселелер туғызары сөзсіз. Қытай тарапынан орнатылатын мұнай құбырлары стратегиялық бақылауларды Қытайға қалдырып, бірқатар саяси ықпалдарды беретін болады. Сауда-экономикалық әріптестік бойынша тауар айналымының көлемі қолда бар мүмкіндіктерге сай келмейтінін атап өттік. Тиісті экспорт-импорт операцияларындағы реттеулер мен бақылаулардың жоқ болуы мәселелердің туындауына негіз болуда. Қазақстан Қытайға асыл металдарға жатпайтын металдардан жасалынған бұйымдарды және минералдарды (рафинатталған мыс, мыс сынығы) экспорттайды, ал, Қытайдан машиналар мен құрал-жабдықтар, химия өнеркәсібінің өнімдері мен тігіні бұйымдарын импорттайды. Аталған тізімді ұлғайтатын тетіктер бар. Алайда, әлсіз шекара маңы инфрақұрылымы, шектеулер, жүк тасымалдаудағы Қытай тарапынан жасалынатын техникалық кедергілер барлығы бірқатар мәселелерді ортаға шығаруда [8, 126-б.]. Қазіргі таңдағы Қазақстан-Қытай қарым-қатынасында трансшекаралық өзендердің мәселесі өзекті болып қалуда. Сауда-экономикалық қатынастардағы мәселелердің тағы бірі ҚХР азаматтарының еңбек мигранттары есебінде Қазақстан территориясында пайда болуы. Бұл, біріншіден, елімізде шамадан тыс жұмыс күшінің қажеттілігі және қытайлық мигранттар еңбегі арқылы бос орындарды ықтималдандыру. Осы тұрғыдан қытайлық еңбек мигранттарының әртүрлі қызмет ету, көтерме сауда, алып-сатарлық т.б. салаларда белең алу үрдісі байқалады. Екіншіден, ҚХР-мен салыстырғандағы анағұрлым қолайлы бизнес жасау және «бастапқы капиталды» игеру мүмкіндіктерінің бар болуы. Үшіншіден, Қазақстан территориясы арқылы үшінші елге өту болашағының көзделуі. Төртіншіден, Қазақстанға қытайлық мигранттардың шақыртылуы «трансұлттық билік ету» доктринасын жүзеге асыру үшін жағдай жасай отырып, «хуацяо» түріндегі қытай диаспорасына ұсақ бизнес пен жершілдік түрінде экономикалық, геосаяси ықпалын арттыру сынды болжамдарды (жорамал деуге негіз бар) жоққа шығаруға болмайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Приоритетные направления экономического сотрудничества Казахстана с Китаем. Экономическое сотрудничество Казахстана и Китая. Сборник статей и документов. - Алматы-Урумчи, 2014. - 180 с.
2. Нысанбаев, Д.С. Специфика Китая и особенности выхода на его рынки. - Алматы: КазНУ им. аль-Фараби, 2006. - 123 с.
3. <http://group-global.org/> 29 қаңтар 2015 ж.
4. Мировая экономика и международные экономические отношения: учебник / под ред. проф. А.С. Булатова, проф. Н.Н. Ливенцева. – М.: ИНФРА-М, 2012. - 649 с.
5. Изимов Р. Торгово-экономические аспекты сотрудничества Казахстана и СУАР КНР. - 2010.
6. Ванг Гуанчэню Китайская политика «добрососедства» // International Politick.- 2002. - №2. – 69-77бб. <http://www.inter.pol.com/>
7. Волохова А. Китайские политологи об отношениях между КНР и Пакистаном на современном этапе// Проблемы Дальнего Востока. – 2014. - №4. – 53-58бб.
8. Гао Шучинь. Глобализация: взгляд из Китая//Азия и Африка сегодня. – 2004. - №11. – 9-10бб.
9. Гребенщиков Э. Россия – Китай. На перекрестках азиатской дипломатии//Азия и Африка сегодня. – 2014. - №9. – 9-12бб.

10. Зиновьев Г. Отношения в треугольнике Вашингтон – Пекин – Тайбэй: политические аспекты (2000-2003 гг.) // Проблемы Дальнего Востока. – 2004. - №2. – 30-4766.

11. Китайский информационный Интернет – центр. Отношения Китая со странами Европы. <http://ru.china-embassy.org/>

Кайзер К. Китай как стратегический партнер // International Politick. - 2002. - №2. – 25-2666. <http://www.inter.pol.com/>

12. Михеев В. Внешняя политика Китая и современные вызовы для российско – китайских отношений // Проблемы Дальнего Востока. – 2013. - №6. – 48-5666.

13. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Жолдауы 2017 31 қаңтар. Астана қаласы

14. Мукиджанова Р. Государств Центральной Азии и Китай: проблемы и перспективы сотрудничества // Центральная Азия и Кавказ. – 2004. №8. – 66-7666.

УДК 340

УЧАСТИЕ ФИЛИАЛОВ ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ В ПРАВООТНОШЕНИЯХ ПО ПРИВЛЕЧЕНИЮ К АДМИНИСТРАТИВНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ: ПРОБЛЕМЫ ПРАВОПРИМЕНИТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ И НАПРАВЛЕНИЯ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА

Теобальдт Б.А.,

Студентка 2 курса, факультета «Юриспруденция»
Алтайского государственного университета Россия, г. Барнаул
Научный руководитель – Л.Г. Коновалова

Аннотация: В статье рассматривается вопрос о субъектном составе административной ответственности юридических лиц. Возникают проблемы с применением на практике норм об административной ответственности по отношению филиалов и представительств юридических лиц, расположенных в субъектах РФ, отличных от своего законного представителя. Данная проблема является актуальной, а ее решение позволит преодолеть значительное количество двусмысленностей и противоречий, усовершенствовать процесс и порядок привлечения юридических лиц к административной ответственности.

Ключевые слова: административная ответственность, юридические лица, филиалы и представительства, административная ответственность юридических лиц, административная ответственность филиалов и представительств.

Административная ответственность юридических лиц закреплена в ст. 2.10 КоАП («Административная ответственность юридических лиц»). Однако в статье отсутствует определение административной ответственности юридических лиц. В науке административного права, существует несколько подходов к трактовке административной ответственности юридических лиц. Административная ответственность раскрывается в таможенном, земельном, налоговом праве, в законодательстве о пожарной безопасности, санитарно – эпидемиологическом благополучии. В данной работе под административной ответственностью будет пониматься вид юридической ответственности, которая выражается в применении уполномоченным органом или должностным лицом административного наказания к организациям, совершившим правонарушение, на основе и в порядке, установленном административным правом.

Изучая проблемы применения административной ответственности юридических лиц, необходимо осветить особенности состава правонарушения юридического лица. Элементами состава административного правонарушения юридических лиц являются объект, объективная сторона, субъект, субъективная сторона. Большой интерес вызывает субъект административного правонарушения. Субъект правонарушения – юридическое лицо, его совершившее. П. 1. ст. 48 ГК РФ признает юридическим лицом организацию, которая имеет в собственности, хозяйственном ведении или оперативном управлении обособленное имущество